

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

## АЯГУЛ МАНТАЙ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

*Сагидуллиева С.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: [Samatovna2021@inbox.ru](mailto:Samatovna2021@inbox.ru)*

**Аннотация.** В данной статье через произведения молодых представителей современной казахской прозы отмечается, что возрождение национального духа стало истоком возникновения новых влияний в литературе. Также рассматриваются проблемы общества, поднятые в микросюжетных произведениях молодой писательницы Айгуль Мантай, а также общечеловеческие ценности и приемы автора в передаче внутреннего состояния персонажа, анализируются пути взаимовлияния литературных традиций, новаторские художественные и идейные поиски художника через анализ особенностей изображения им картины современного общества в своих микросюжетных произведениях. Изучаются способы авторского изображения действий и состояний персонажей, а также мировоззренческие суждения о смысле бытия и природе человека.

**Ключевые слова:** микросюжетная проза, современная литература, взаимодействие мировых литературных традиций, мифическая деталь, национальный дух, художественное решение.

**Abstract.** This article states that the revival of the national spirit was the source of the beginning of new trends in literature through the works of young representatives of modern Kazakh prose. It also examines the problems of society raised in the micro-subject works of the young writer Aigul Mantai, as well as human values and the author's techniques in conveying the inner state of the character, analyzing the ways in which literary traditions interact, innovative artistic and ideological searches of the artist through analyzing the features of the image of the modern society in their micro-subject works, the ways of the author's depiction of the actions and states of the characters, as well as the worldview expectations about the meaning of human being and nature.

**Key words:** micro-subject prose, modern literature, interaction of world literary traditions, mythical detail, national spirit, artistic decision.

Ақпарат ағымы тасқындаған ғасырлар тоғысында таным дағдарысы белең алды. Жаңа мәдениет көкжиегін көксеген жаңаша көзқарас ізденіске бастап, осы тұста тың талғам қалыптасуы уақыт заңдылығы десек те болады. Тың ізденіс әдебиетте жемісін қалай беріп жатыр? Бұл – бүгінде сөз өнеріндегі жауабын күттірмес сауал. Осы өзекті мәселеге жас қаламгер Аягүл Мантай шығармашылығы арқылы үңіліп көрелік.

«Ф. Достоевскийдің, Э. Золяның шығармаларындағы ақиқатты тану, кейіпкерлерінің ішек-қарнын ақтарып, көрсетуі ұнайды. Шығармаларындағы айтатын ойын, идеясын оқырманына «шайнап беріп, жұтқызғысы келетін» жазушыларды мүлдем қабылдай алмаймын. Шамаң келсе, оқырманның ұйықтап жатқан санасын «сілкілегенге» не жетсін?! Менің бұған дейін жазған, жазып жатқан шығармаларымның бәрі де – **эксперименттер**. Мен әлі өзімнің нағыз шығармамды жазғаным жоқ» – деп өзіне әділ баға берген Аягүл Мантайдың туындылары қазіргідей интернеттің құдайы беріп тұрған кезде ғаламтор беттерінде, әдеби порталдарда, әлеуметтік желілерде ең оқылымды шығармалар қатарында [1. 225].

Америкада елуінші жылдары Маргарет Кин деген суретші жазған жанары мұңды портреттер Аягүлдің әңгімелерін оқығанда көз алдыңызға келе береді. Ол ылғи да бақыттың дәмін сезіне алмаған балалық шақтан өсіп шыққан жаралы жандар туралы жазады.

«**Депрессия**». Бұл әңгіме негізінен екі қыздың диалогынан тұрады. Реалистік әдебиеттің канондарына салсақ, «Депрессия» кейіпкерлерінің сұхбаты жасанды сияқты әсер қалдырады. Әдепкі адамдар бұлай сөйлемейді. Әдепкі адамның ойында мұнша көп шарттылыққа орын жоқ. Бірақ әңгіменің ішкі өрісіне бойлаған кезде сіз түсінесіз. Аягүлдің

бірде бір кейіпкері «әдепкі» адам емес. Сезімталдығы мен интеллектуалдық өрісі үйлесім тапқан Аягүл Мантаева, көбіне қазіргі адамның деформацияланған жан-дүниесіне үңіледі.

Бастауыш сыныпта бір партада отырып бірге өскен бала досының тағдырын көркем шығармасына арқау қылған Аягүл бұл туындысы арқылы көтерген тақырыбының межесіне жете білген. «Депрессия» да бас кейіпкер бала кезгі ауылдас досының анасы жеңіл жүрісті болғандығы себепті онымен сөйлеспей кетуіне тура келеді. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған, кішкентайынан мейірімге сусындап өспеген балғын қыздың балалығы ерте есеюіне апарып соғады. Қыздығын ерте ұрлатып, анасы секілді бұлда жеңіл жүріске түседі.

Көңіл жабырқатар бұл әңгімесі – бүгінгі қоғам айнасы. Қыздығын ерте ұрлатып, тәнін саудалаған қыздар қатары қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Алайда кінәлі сол жолға итермелеген заман емес пе? Ауыл боп түзетуге ұмтылмаған, керісінше біле тұра табалаған ауыл адамдарының қылықтары жаға ұстатады:

*«Біздің ауылдың момын тракторисіне төрт қызымен тұрмысқа шыққан әйелдің сұлулығы еркектерді тәнті етіпті. Әйелдің есімі Жұпар. Ауылдың шетіндегі жалғыз үйді ерлер жағзы «Жұпар иісі» дейтін. «Жұпар иісі» үйін біздің ауылдың әйелдері жек көретін. «Тәйірі «Сасық үйді» «Жұпар иісі» деп атағаны несі, ей», – деп күйіп-нісетін дәу апам. Біздің ауылдың карта құмарлары картадағы жалаңаш әйелдің бейнесін де сол әйелдің атымен атайтын» [2. 8].*

Дүниеге аппақ, тап-таза болып келген Айкөркемді өзінің ортасы, жезөкше анасы, шегір көздер, былғаныш ниеттер ластады:

*«Түнде қара мысық пен балалары етіме таласып, сүйегімді кеміріп жатады. Ұйықтасам, көзімді ашып, жарық әлемге қарауға қорқам. Қара мысық туған сайын ескі шелекті суға толтырып, көзін ашпаған мәулендерді кезек-кезек суға батырып, өлтіре бердім. Көктемде мәулендерін өлтіріп жатқан кезімді қара мысық жолбарысша атылып, беті қолымды тырналап тастады. Жауыз адамның үкімімен бір күннен артық өмір сүрмеген балаларын біртіндеп ескі тамның үстіне тасыды. Қара мысықтың аузында денесі салаңдап тұрған құйтақандай мышым әлі күнге дейін көз алдымда. Мәулендерінің өлі денесін тілімен сипап жатқан қара мысықты күрекпен ұрып, өлтірдім. Қатыгездігімді балалық тентектікке балап, ақтаудың өзі – қылмыс. Бесеумізді бес еркектен туған анама деген жеккөрушілік сезімім жылына екі-үш рет балалайтын қара мысыққа деген өшпенділігімді оятты. Сол күні жабайы аң секілді бізді әр кездескен еркегінен туған анамды қара мысық секілді өлтіруге ант еттім. Жезөкшенің ұрпақ өрбітуіне құқы жоқ, түсінесің бе, құқы жоқ! Жезөкшеден жезөкше туылады. Оныншы сыныпта оқып жүргенімде екі рет түсік жасатқанымды білесің бе?» [2. 4].*

Осы әңгімедегі Айкөркем неге мысық пен мәулендерді өлтіреді? Өйткені зұлымдықтан зұлымдық қана туады. Төрт құбыласы түгел болу үшін адам мейірімге қанып өсуі керек. Ал жазушы бізге сол мейірімнің апаттық жағдайда жетіспейтіндігін айтып отыр. Айкөркем образы арқылы ол, адамның қатыгездігі жайлы сұрақ қояды. Мұндай адамды аяу керек пе, айыптау керек пе, одан қорқу керек пе? Айкөркемді «қара мысықтың аңдитыны» – оның өз әрекетіне деген ішкі, психологиялық қарсылығы. Сондықтан да сіз Айкөркемді айыптай алмайсыз. Оның қолынан өлген мәулендер қандай құрбан болса, өзіне тиесілі мейірімге қанбаған бұл да, сондай құрбан.

*«– Кешір, – деді аспан жаққа көз тастап. – Кешіріші. Сені жақсы көре тұрып, жек көретінім үшін кешіріші. Ғасыр... Ол менің сезімді қорлады. Ғасырға өлім тілейтінім үшін кешіріші. Аппақ әлемді, айналамды қоршаған адамдарды жек көретінім үшін кешіріші. Сен жазмышқа сенесің бе? – деді ол темекісін тұтатып...» [2.5].*

Жоғарыдағы үзіндіден жас қаламгердің адам жанының шым тереңдеріне бойлай алатыны айқын байқалады. Өзінің тумысынан неге сонша бейбақ болып жаралғанын түсінбейтін Айкөркем, «бұл бәлкім, жазмыш шығар» деген жалғыз сөзден жұбаныш табады. Кісі бойындағы қарама-қайшы сезімдер, арпалысқан ойларды соншалықты дөп басу кез келген қаламгердің қолынан келмейтіні анық. Бұл сөзсіз, психологтың, және өзгенің де,

өзінің де жанына жиі үңілетін, кісі бойындағы қайшылықтарды байыптай алған жас жазушының ғана несібесі.

Екінші кейіпкер, баяндаушы – Айкөркемге қарама-қайшы бейне. Балалық шағы лайланбаған, мейірімге қанып өскен, махаббатқа шомылып жүрген «қалыпты» қыз. Бір қарағанда. Бірақ Айкөркемнің қырағы көзімен қарасаңыз, «баяндаушының» да бақытсыз жан екенін аңдайсыз. *«Еркек пен әйелдің қарым-қатынасы гүл мен көбелектің қарым-қатынасын қайталайды. Сен биік үйлердің терезесінен көрінетін қызыл гүлге көбелек қонғанын көрдің бе?» [2. 3].* Айкөркем құрбысын биік үйдің терезесіндегі гүлге ұқсатып тұр. Демек, ол биік болғанымен, сол биігінде жалғыз. Айкөркемнің: *«Білем зой, сен менің болмысымнан қорқасың, сүйе тұрып, сезімін тұншықтырып тастайтын сенен мен де қорқам...» [2. 10]* дейтіні де содан. Жалпы, жаратылыста әйелдер екі топқа бөлінеді: сезім жетегінде өмір сүретіндер және сезімін тежей білетіндер. Автор сол екі типтегі әйелдің де психологиясын дөп басады.

Аягүлдің кейіпкерлерің байқасаңыз аса білімді, интеллектуал, бейнелі ойлай біледі. Оларға жадаулық пен қарабайырлық тән емес. Шынайы өмірде айтылмайтын, бірақ ең маңызды сөздер оның әңгімесінде түйдек-түйдегімен ақтарылатыны да содан шығар.

«Депрессия» бір жезөкше мен сұлу қыздың қор болған өмірі жайлы әлеуметтік әңгіме ғана емес, бұл – тазалық пен мейірім туралы пәлсапалық шығарма. Сол тазалықтан әділетіз қағылған Айкөркем, әңгімені оқып біткен соң да өзіңізбен бірге қалады. *«Қарызға құрбым да бермеген ақшаны тәнім тауып берді» [2. 11].* Демек ол, туған анасынан көрмеген мейірімді басқалардан да іздеген, бір кездері үміттенген, бірақ ешкімнен таба алмапты. Бұдан былай табуы да екіталай...

**«Томпақ».** «Томпақта» өлік шығатын үйде тамақ іздеп жүрген ашқұрсақ бүлдіршінді көріп жүрек езіледі. Мұның бірі автордың таным түйсігі мен ішкі психологиялық әлемінен хабар беретін детальдар. Қазіргі қазақ әдебиетінде, тек Аягүлде ғана емес, осындай сарындағы шығармалардың қарасы көбейгені жасырын емес. Басты кейіпкер – Айжұлдыз. Бірақ, оны бұлай тек анасы атайтын, толықтығынан Томпақ деп атап кеткен. Әкесі ащы суға құмар болып, анасын талай таяқ астынан алып қалған батыр қыз тағдыры оқырманды елжіретпей қоймайды. Анасын арашалап жүріп, көзілдірігі сынып, әйнек сынығы бетін жырып кетсе де, әкесінің қолы тиіп, көзі көгерсе де ол әкесін жақсы көретін. Топыраққа аунап жататын әкесінің қасынан табылатын да Томпақ еді. Бір күні әкесі жоғалып кетеді. Досының үйінде ішіп, соңы екеуі жанжалдасып тарайды. Қақаған аязда бағытынан адасып, далада ұйықтап қалады. Осылайша Томпақ әкесінен айырылады. Тағы да бүгінгі күннің шындығы... Ең бірінші: ащы судың әсерінен қаншама отбасы айырылысып, қаншама жан түршігерлік жағдайлар болып жатыр. Екіншіден: әкенің тәрбиесін көрмей өскен бала қанша? Үшіншіден: жалғыз басты қалған ананың тағдыры, ендігі бар ауыртпашылық ана мойныныңда. Қазір дең басты қоғамда алып жатқан мәселе осы емес па? Дала безіп, бір үзім нан тауып жей алмай жүрген жан қаншама? Ащы судың әсерінен бір-бірін өлтіріп жатқан, ажырасып жатқан отбасы. Осылайша күнәсіз сәби толыққанды отбасының тәрбиесін көрмей өседі. Сегіз, тоғыз, он баламен жалғыз қалған жалғыз басты аналар тағдырын айтсайшы. Барлық тағдыр ауыртпалығын мойнына арқалап жүр... Томпақ он жеті жасында оң жақта отырып дүниеге бала әкеледі. Некесіз бала дүниеге келеді. Толғақ қысқанда ғана шешесі өз қызының жүкті екенін біліпті. Семіздігінен іші білінбесе керек. Баламның әкесі – бұлт деп, баласының есімін Бұлт қояды. Ауыл ішінде *«Томпақтың баласының әкесі Қарауылбек жынды екен»* деген өсек тарады. Қарауылбек – ауылдың жындысы еді... Тағы да бүгінгі күннің шындығы – некесіз бала. Біздің қазақ ежелден ұрпақ мәселесіне көп көңіл бөлген. Дүниеге некесіз ұрпақ келуін ар мен намыс санаған. Қазіргі уақытта адам азды ма, заман азды ма, осы жағы белгісіз болып тұр. Мәселенің бәрі жастардың беттің арын белге түюінде. Некесіз бала мұсылмандарға жат. Әсіресе, әйел затына өзінің күйеуінсіз дүниеге ұл-қыз әкелу намыс болып саналады. Некесіз ұл мен қызды кінәлаудың ешқандай реті жоқ. Олардың қандай кінәсі бар. Бәріне жауапты олардың ата-анасы деп түйсінеміз. Қаламгердің меңзетіні де тәрбиенің жұтандығы шығар [3. 7].

«**Жауһар**» кейіпкерлерінің психологиясы құлыптаулы қалған сияқты. Мысалы, кейіпкердің шегір көз жігітке «ғашық болуы» сенімсіздік ұялатады, сипаттауында да жылу жоқ. Бірақ шап-шағын әңгімеге мінез сыймаса да, өмірбаян сыйып тұр. Өзін сүймейтін жігіттен көтеріп қалып, о дүниелік болатын Жауһар да, оны қорғай алмаған құрбысының да, біреудің көз жасына қалып, екіншісіне жұбаныш бола алмаған шегір көздің де өмірі сізге «түсінікті».

Аягүлді ерекшелейтін нәрсе – кез келген әңгімесінде тіршіліктің мәні, ғаламның жаратылысы, адамның болмысы туралы құнды ойлар болады. «*Мен өзімді ұйықтап жатып, ояу жатқандай, ояу жатып, ұйықтап жатқандай сезінем. Күн суық күні ыстықтап жүремін, ал ыстық күні тоңып жүремін*» дейді «Жауһардың» кейіпкері. Неге олай дейді? Өйткені өмір көбінде «бұл менің түсім болса екен» дейтіндей үрейлі. Аягүлдің кейіпкерлері неге мұңды? Адам қайткенде бақытты болады? Екі әңгіменің де кейіпкерлерінің орасан жалғыздығын сезінесіз. «Біз өмірді өзіміз күрделендіріп аламыз» дейді бір кейіпкер. Оның кейіпкерлерімен бір кеңістікке түскенде, өмір шынында да күрделеніп кетеді. Ал оны қарапайым деп кім айтты...[3. 58].

«**Қабір гүлі**» адамның өлімді алғаш рет түйсінуі туралы. Бір данышпанның таңғалатыны бар еді, «Менің ең бақытсыз күнім – адамдардың бәрі өлетінін түсінген күнім. Ересектер, дүниеде бәрінің жойылатынын біле тұра қалайша түк болмағандай өмір сүре береді?». «Қабір гүлінің» кейіпкері кездесетін алғашқы өлім – бұларды ойнататын бүкір шалдың өлімі. Ал адамдардың бәрі түбінде бақилық екенін білгенде ол ересектерге сұрақ қоя бастайды. «Адамдар неге 600-800 жыл өмір сүрмейді?»...

Әңгіменің сәтті шығуының кілті – баланың атынан баяндалуында. Сондықтан тілі, стилі барынша қарапайым. Диалогтары шартты емес, реалды:

«– Әкетеміз. Ата-бабамызды сендердің зираттарыңда жатқызбаймыз, – дейміз бәріміз «хормен».

– Қашан әкетесіңдер?

– Бүгін әкетіңдер!

– Бүгіннен қалдырмаңдар, әйтпесе...

– Әйтпесе, не істейсіңдер?

– Сендердің ауылдарыңда зираттан басқа не бар өзі? Ауылдарың мәдениет дегеннен жүрдай гой.

– Ой, осы сендер бір-біріңе неге сонша кектенесіңдер? Ерте ме, кеш пе, бәріміз сол зиратта жатамыз гой» [3. 54].

«Депрессиядағыдай»: «Сен көбелекке ұқсайсың», «сен шіркейге ұқсайсың» деген «салғыласу» болмаса да, Аягүлдің өзіндік қабылдауы бұл әңгімеде де менмұндалап тұр. Мысалы, оқыңыз:

«Әлі есімде, сол күні жүгері алқабының ішінде отырып, ұзақ жылағаным. «Біздің өміріміз жүгеріге ұқсайды екен гой» деймін де жылай беремін» [3. 54].

Жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқан ұлтымызға еуропалық дүниетанымның да әсер етіп жатқаны байқалады. Атап айтсақ, прозаик Аягүл Мантаеваның бұл әңгімесі біздің болмысымызға батыстық салттың да ықпалын анық көрсеткен. Әдетте, мұсылман қазақ бейіттің басында құран оқиды, топырақ салады. Ал Аягүлдің кейіпкерлеріне қабірдің басына гүл қойдырғысы келеді.

«Қабір гүлінде» батыстық мифтік элементті жазушы көркемдік деталь ретінде қолданған. Қызыл гүлге қатысты Наполеон мен Жозефина туралы оқиға кірістірілген. Енді батыстық мифтік деталь деп отырғанымыз қандай деталь?

«*Наполеонның әйелі фиалканы жақсы көретіні сондай өзі қастерлейтін сол гүлді шашына тағып жүреді екен. Даңқты қолбасшы Жозефинамен қосылған күнді жылда есінен шығармай, оған фиалка гүлін сыйлайды екен. Бір жылы базарға фиалка гүлін әкелуге жұмсаған қызметшілері құр қол оралыпты. Жарының жанарынан кірбің көргісі келмеген қолбасшы гүлді өзі іздеуге шығады. Базарды аралайды, жоғын таппайды. Көше бойлап, іздейді. Іздегені жоқ. Қолбасшы «Фиалка гүліңіз Жозефинаның көзіне қалай көрінемін?» деп*

уайымдайды. Іңірде фиалка гүлін өткізе алмай тоңып, бүрісіп тұрған бүкір кемпірге кезігеді. Қолбасшы құшағын фиалкаға толтырып, үйіне оралады. Көзінде нұр ойнаған Жозефина фиалканы иіскей беріп: – Мынау моладан жұлынған гүл ғой, – деп талықсып кетеді. Өлмелі бүкір кемпір гүлдің моладан жұлынғанын мойындап, жанына сауға сұрап, қолбасшының аяғына жығылады. Көп ұзамай Наполеон ақылды Жозефинасынан айырылып қалып, жалғыздық мұңына қамалады. Қолбасшы сүйікті жарының қабірінің басына фиалка гүлін ектіріпті. Өмірінің соңғы азапты күндерінде Наполеон Жозефинаның қабіріне барып, бір тал фиалка гүлін жұлып, төс қалтасына салады. Арада көп уақыт өтпей ұлы қолбасшының өзі де мерт болады» [3. 55].

Аягүл өзінің «Қабір гүлі» әңгімесінде осы детальді өз шығармасына кірістірген:

«Сарша тамыздың соңғы күнінде Есіркеп көкемнің қызы Бұрымның өлімі туралы қаралы хабар жетті. Түнде ұйықтағаннан қайтып оянбапты. Зиратқа барғанымызда Бұрымның топырағы кеппеген қабірден қып-қызыл әдемі гүлді жұлып алғаны есіме түсті.

– Мұндай иісі жұпар шашқан гүлді біріншірет көріп тұрмын. Не деген әдемі гүл! – деп құшырлана иіскеген. Сол жұпар иісі аңқыған гүлді кейін еш жерден кезіктірмедім. Сонда ол:

«Бұл гүлді саған сыйлар едім, бірақ қымай тұрғаным», – деп әдемі күлімсіреп еді» [3. 56].

Жоғарыда көрсеткеніміздей мұндағы кейіпкер де қабір гүлін иіскегеннен кейін көз жұмады. Өлемдік мифтік әңгімені деталь ретінде пайдаланып осындай жаңаша, қазақ қоғамына қатысты тың бір әңгіме жазылған. Есесіне «Қабір гүлінде» жылан культі туралы жолдарды да ұшырастыруға болады.

«Үлкендердің: жалбыздың арасында жыландар көп, суға көп түсе бермеңдер, жыландар патшасын ашуландырып аласыңдар» деген сөзін жай қорқытады деп қабылдайтынбыз. Бір күні шомылып жүрген Масақбайдың Көккөзі Андрейден қашып, жалбыздардың арасына барып жасырынады. Үркіп кеткен жыландар бір-біріне оратылып, су бетіне шыққанда, зәре құтымыз қалмады». Демек, үлкендер айтқанда жыландар патшасы ашуланатын болғаны ғой. Осыдан кейін ойнап жүрген балалар өз-өзінен ұрысып қалады» [3. 56].

Жазушы оны жыландардың ашуының кесірінен дегенді айтып жатпайды. Өзге замандастарына қарағанда Аягүл Мантаева қалыптасқан дәстүрлі жазу стилін құп көреді. Оқырманын алдымен психологиялық тұрғыда дайындап алады, сосын мүмкіндігінше астарлап кеткен ойларының шешімін ашып беріп, түйін жасап отырады.

Аягүл Мантаева әңгімесіне қанша батыстық детальді енгізген деп қарастырған күннің өзінде, балалардың мазар орналасқан жерге қатысты дауы қазақтың өліге деген құрметінің ерекше екендігінен хабар береді. Өлді болды, өлген адаммен шаруасы жоқ ұлттың балалары мазарға бола ондай қақтығысты жағдай туғызбаған.

Қаламгер өмір мен өлім, махаббат пен достыққа деген авторлық қатынасында өз әлемін жасап алған. Тағы бір қасиеті, А. Мантаеваны оқығанда оның әлемдік классикамен етене таныс екендігі: «Депрессиядағы» «данышпан», «Боранды бекеттегі» Әбутәліпті еске түсірсе, «Жауһар» әңгімесінің бас кейіпкері: «Өмірге ешқандай ұрпақ әкелгім келмейді. Қайғы, мұң арқалап, ол да өмірден өтеді. Бір бақытсыз жанды өмірге әкелмей, сауап іс жасағым келеді» дейтіні – Гамлеттің Офелияға айтатын сөзін санаңызда жаңғыртады. А. Мантаеваның прозасындағы құндылық – қазақтың әдебиетіне бұған дейін жат болып келген, өзгеше өрістегі ойлар, танымдық, эстетикалық жаңа қабаттар.

Жазушы, драматург Дулат Исабеков «Жаңбырлы көктем» жинағына берген алғы сөзінде Аягүл Мантаеваның әңгімелерін мерзімді баспасөз беттерінен оқып жүргендігін, оның тіліне, кейіпкерлерінің әрқилы мінезіне, шынайы оқиға желісіне сүйсініп жүргендігін баяндайды [4. 3].

Қаламгердің пікірінше: «Әрбір жақсы шығармадан оқушы өз өмірін табады. Осындағы «Жаңбырлы көктем», «Томпақ», «Маргарита», «Сурет», «Муза» атты әңгімелер қияндағы бейтанысқа да оның өткен өмірін сағындырып, не болмаса, тап солардың

басындағы оқиғаларды баяндап отырғандай күйге жетелейді. Әйтеуір, Аягүл әңгімелері ешкімді бей-жай қалдырмайды. Жинақты оқып шыққанда кеудеңе Оңтүстіктің жылы лебі соғып өткендей жандүниең рахат бір сезімге толады», – деп өз бағасын берген [4. 4].

Аягүл кейіпкерлерінің сорақы сандыраққа толы, қауіп-қатерге толы тағдырлары авторларының бүгінгі өмірге деген көзқарастарын танытады:

*«Біреуді жақсы көру, біреуді сүю – мен үшін тым күлкілі, жабайы, тұрнайы сезім. Өзімді қоршаған адамдарға деген аяныш – өзімді мүсіркеу. Өмірдің мәңгілік емес екенін, түбі бәріміздің өлетінімізді ойласам жүрегім қуанышқа бөленеді.*

*Ол иығымнан құшақтап, құлағымның түбінен:*

*– Сүйем, – деп сыбырлады.*

*Өліктің исін сезіп, тыжырындым.*

*– Сен менен өліктің исін сезбейсің бе? – дедім.*

*– Ажалмен ойнау – Құдайды мазаққа айналдыру, – деп ол қабағын түйді.*

*– Біз бәріміз Құдайдың қуыршағымыз, – дедім қасарысып. – Мен қуыршақ болудан өлімді артық санаймын» [3. 78].*

«Қуыршақ болудан өлімді артық санаймын» деп бүгінде өскелең ұрпақ өз өмірлеріне балта шабуға. Қатыгездіктің, жауапкершілік сезімі бойында ұя салмаған бұл кейіпкер сөзін батыстық идеологияның санамызға шабуылдары көрінісі деп санасақ болады. Бүгінгі ақпарат қарқынына сүзгі қоймаған адам дәстүрінен ажырап, сана жетегінде теледидардан көрген құбыжықтардың сан қилы қитұрқы әрекеттерін қайталауда.

Тосыннан туылған осындай оқиғалардың тасасында тұратын тұспалдар мен себептер бүгінгі дәуірдің сырқатын, адамдар жанының жарақаттарын танытады. Бүгінгі адамдар тағдыры, жан арпалысы, өмір өкініштері қоғамдағы әрбір құбылысты зерттейтін қаламгерлерден ерекше ықыласты, ден қоя тыңдау мен түсінуді талап етеді.

Қысқасы, Аягүл Мантайды ерекшелейтін нәрсе – кез келген әңгімесінде тіршіліктің мәні, ғаламның жаратылысы, адамның болмысы туралы құнды ойлар.

Жалпы жазушының қай әңгімесін алсаңыз да, бүгінгі замандастарымыздың күрделі тағдырлары, олардың жан әлеміндегі түрлі сезімдік, психологиялық құбылыстар, ішкі сезім иірімдері, олардың іздері байқалатын іс-әрекеттері, ішкі буырқаныстан, толғаныстан туып жататын байлаулар, кейіпкерлердің шешімі шынайы бейнеленген. Қазақ прозасында постмодернизм үлгісі дәстүрлі поэтикалық құралдарды толық алмастырған жоқ, екеуі қатар дамып келе жатқанына аталған мақаламызда көз жеткіземіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Шапиян М. «Аягүл Мантай, жазушы: Анам жақсы жазу үшін еңбектеніп жүргенімді білмейді-ау» // «Жұлдыздар отбасы» №15(225), 2016;

2 [http://dev.kitap.kz/books/ayagul\\_mantaeva\\_depressiya](http://dev.kitap.kz/books/ayagul_mantaeva_depressiya);

3 Мантаева А. Жаңбырлы көктем. – Алматы. – Жалын, 2009. – 96 бет;

4 Исабеков Д. «Көркемдіктің шынайы көктемі» // «Жаңбырлы көктем» – Алматы: «Жалын», 2009.

#### **ӘОЖ 808.1**

### **АЛАШ ӘДЕБИЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ САРЫН, ЕЛШІЛДІК МҰРАТ**

**Бәшіров Н.**

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты  
Астана қ., Қазақстан.*

*\*Ғылыми жетекшісі: ҚР ҰҒА академигі Қамзабекұлы Д.*

**Abstract.** The article analyzes the struggle of political and public figures of Kazakhstan, prominent writers A. Baitursynov, M. Dulatov, M. Zhumabayev against colonial oppression and medieval mesheism, their work on the creation of an independent state – Alash autonomy. The common positions of the national